| | | |
|---|---|---|
| | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-4.04-2023<br>№9- редакция 24.12.2024 ж. |
| | Ереже<br>Нормативтік құжат түрі | 1-ден 27 - бет |

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДАРҒА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

**Алматы қаласы**
**2024 ж**

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ
ұлттық өнер академиясы» РММ
Ғылыми кеңесінің 2024 жылғы «24»
желтоқсандағы шешімімен (№5-хаттама)
Бекітілді
(05.01.2025 жылдан бастап күшіне енеді)

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДАРҒА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарға конкурстық орналасуы туралы ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңына (бұдан әрі – ҚР "Білім туралы" заңы), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартына сәйкес әзірленген және ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ (бұдан әрі – Академия) профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарға конкурстық орналасуы шартын және тәртібін анықтайды.
2. Ереже Академияның штаттық кестесінде қарастырылған (бұдан әрі – штаттағы лауазымдар) профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына конкурстық негізінде орналасуға таратылады. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына кафедра меңгерушісі, профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), аға оқытушы, оқытушы жатады. Ақы төленетін штаттық лауазымды атқаратын оқытушы штаттық оқытушы болып табылады. Ол үшін осы білім беру мекемесі негізгі жұмыс орны болып табылады және еңбек шарты негізінде академияның міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді (тиісті оқу жүктемесін) жүзеге асырады.
3. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарға конкурстық орналасуына (бұдан әрі – Конкурс) жоғары немесе жоғары оқу

орнынан кейінгі білімі бар, Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ жұмыскерлер лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына (бұдан әрі – Біліктілік сипаттамалары) сәйкес келетін адамдар жіберіледі.

4. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңының 51-бабы 1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарындағы жұмысқа:

1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған, психикасының, мінез-құлқының бұзылулары (аурулары), оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты бұзылулары бар адамдар;

4) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ адамдар;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде жіберілмейді.

5. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына үміткерлерді конкурстық іріктеу Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес, осы Ереженің ажырамас бөлігі саналатын №1-қосымша бойынша (бұдан әрі – №1 - қосымша) жүргізіледі.

6. Академияның профессорлық-оқытушылар құрамының лауазымдарына конкурстық негізде орналастыру кемінде бір оқу жылы мерзіміне жасалынады. Мерзімі біткен соң Академияның профессорлық-оқытушылар құрамының лауазымдары осы Ережеге сәйкес тағайындалады.

7. Профессорлық-оқытушылық құрамының бос лауазымы пайда болған жағдайда оқу жылы басталар алдында (каникул және/немесе демалыс кезеңінде) немесе оқу жылы ішінде Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына орналасу оңайлатылған нысан бойынша, яғни ашық сабақ өткізбей және тестілеуден өтпей, бірақ жұмысқа қабылданғаннан кейін бір оқу жылы ішінде ашық сабақ өткізу туралы шарттарды міндетті түрде сақтай отырып жүргізіледі. Педагогикалық қызметке алғаш кірісіп жатқан профессорлық-оқытушылық құрам үшін немесе Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына орналасу үшін бұрын ғылыми-педагогикалық қызметпен айналыспаған практик-мамандарды тартқан кезде осы санаттағы жұмыскерлердің ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстарынсыз рұқсат етіледі. Дегенмен, "Жоғары мектеп педагогикасы" пәні бойынша кемінде 72 (жетпіс екі) сағат көлемінде біліктілікті арттыру курстарынан өтуі және жұмысқа қабылданғаннан кейін бір оқу жылы ішінде ашық сабақ өткізу міндетті шарт болып табылады.

8. Әкімшілік жұмыскерлердің Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарын ағымдағы оқу жылына конкурстық рәсімдерден өтпей лауазымдарды қоса атқару туралы келісім негізінде біріктіреді. Осы

санаттағы жұмыскерлердің ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстарының болмауына жол беріледі.

## 2. КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

9. Кафедралар жыл сайын 28 ақпанға дейін және қосымша 30 маусымға дейін персоналды басқару бөліміне профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдары бойынша бос орындардың болуы не болмауы туралы қызметтік хаттар береді. Кафедра меңгерушілерінің қызметтік хаттар негізінде персоналды басқару бөлімі конкурс өткізу туралы хабарландыру жасайды және оны қарастыруға, әрі қол қою үшін Академия ректорына өткізеді. Персоналды басқару бөлімі құжаттарды қабылдау аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында немесе Академияның интернет-ресурстарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырады.

10. Оқу жылы ішінде бос лауазым пайда болған жағдайда персоналды басқару бөлімі құжаттарды қабылдау аяқталған күнге дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын Академияның интернет-ресурсында конкурс өткізу туралы хабарландыруды орналастырады.

11. Конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынандай мәліметтер қамтылуы тиіс:

1) профессорлық-оқытушылық құрамының бос лауазымының атауы;

2) Академияның орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны көрсетілген толық атауы;

3) құжаттарды қабылдау аяқталатын күні мен уақыты.

4) №1-қосымшаға сәйкес Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес айқындалатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар.

12. Бос лауазымдарға арналған конкурсқа өтініштер хабарландыру жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма/он күннен кешіктірмей беріледі.

13. Академияның конкурсты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты лауазымды адамының құжаттарды қабылдаудан бас тартуы осы Ереженің 18 және 19-тармақтарда көзделген тізбеге сәйкес құжаттар пакеті толық ұсынылмаған жағдайда, сондай-ақ өтініш беру мерзімдері бұзылған жағдайда орын алуы мүмкін.

## 3. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

14. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына тағайындауға арналған конкурстық комиссияның (бұдан әрі – Конкурстық комиссия) саны мен дербес құрамын және оның өкілеттік мерзімін Академияның ректоры анықтайды.

15. Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

1) конкурсқа қатысу үшін барлығына бірдей теңдік мүмкіндігін беру;

2) конкурсқа қатысушылардың арасында әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету;

3) әділдіктің сақталуына және конкурстың жариялы түрде өткізілуіне бақылауды жүзеге асыру;
4) конкурстық комиссия отырысының кестесін анықтау;
5) конкурстық құжаттамаларға талдау жүргізу;
6) конкурстың қорытындысы бойынша шешім шығару болып табылады.
16. Конкурстық комиссия мына құрамда құрылады:
1) конкурстық комиссияның төрағасы –Академияның проректоры;
2) конкурстық комиссиясы төрағасының орынбасары – Академияның проректоры немесе Академияның құрылымдық бөлімшесінің басшысы;
3) конкурстық комиссияның хатшысы – Академияның штаттық жұмыскері;
4) құрамында кемінде үш адам бар конкурстық комиссия мүшелері.

Конкурстық комиссия мүшесінің саны тақ болуы керек.

Хатшы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

17. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысушылардың құжаттарын тиісті кафедрада қарастырылғаннан кейін қабылдайды, конкурсқа қатысушыларға және конкурстық комиссия мүшелеріне тестілеу, отырысты өткізу уақытын хабарлайды, дауыс беру бюллетенін құрастырады, конкурстық комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді және олардың конкурстық комиссия мүшелеріне таратылуын қамтамасыз етеді, конкурсқа қатысушылардың талабы бойынша конкурстық комиссия отырысының хаттамасынан көшірме береді, конкурстық материалдардың сақталуын қамтамасыз етеді, конкурсты ұйымдастыру және өткізуге байланысты басқа да іс-әрекеттерді орындайды.

## 4.КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ

18. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген адамдар Академия ректорының атына өтініш жазады. Өтінішке қоса мына құжаттарды тапсырады:
1) конкурсқа қатысушы өзі толтырған, тұрғылықты мекенжайын, байланыс телефондарын (үй, жұмыс, ұялы телефондары) және электронды мекенжайын көрсеткен кадрларды есепке алу бойынша жеке парағы (фотосуретімен).

Жеке парақтағы еңбек қызметі жайындағы ақпарат конкурсқа қатысушының еңбек өтілін дәлелдейтін құжаттарға сәйкес толтырылады. Конкурсқа қатысушының жеке парағында көрсетілген еңбек қызметі конкурсқа қатысушының еңбек өтілін дәлелдейтін құжаттардағы мәліметтермен сәйкес келмейтін болса, онда құжатта келтірілген ақпараттар ескерілетін болады;
2) өмірбаян;
3) жоғары білімі мен академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдардың, ғылыми атағы туралы құжаттардың көшірмелері және салыстыру үшін түпнұсқалары;
4) қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмесі (болған жағдайда) және салыстыру үшін түпнұсқалары соңғы 5 (бес) жылға;

5) конкурсқа қатысушының соңғы істеген жұмыс орнының уәкілетті тұлғасының қолымен және ұйымның мөрімен расталған, осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын №2 - қосымшаға (бұдан әрі – №2 - қосымша) сәйкес толтырылған ғылыми, оқу-әдістемелік және шығармашылық жұмыстарының тізімі;
6) ұйым басшысы қол қойған мінездеме;
7) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде бір жылдан ерте емес жасалған флюорография суреті бар жеке медициналық кітапша;
8) тіркелген жері бойынша (Алматы қаласы немесе Алматы облысының жақын жатқан аудандары) ҚІБ мөртабаны бар әскери билеттің (тіркеу куәлігінің) көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;
9) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;
10) еңбек кітапшасы;
11) кафедра меңгерушісі лауазымына орналасуға үміткер кандидаттар үшін сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;
12) соттылығы жоқ туралы анықтама;
13) Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының ақпараттық жүйелері арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама алуға келісім;
14) конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтыны туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы;
15) конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтыны туралы психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
16) оқу-әдістемелік құжаттама (хабарландыруда көрсетілген пәндерге сәйкес силлабус) және алдағы оқу жылына арналған білім беру бағдарламасы бойынша жобаны таныстыру (электрондық түрде).
19. Академияда жұмыс істейтін тұлғалар конкурсқа қатысу үшін академия ректорының атына өтініш береді. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:
1) кафедра меңгерушісі қол қойған мінездеме;
2) осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын №2- қосымшаға сәйкес жасалған, кафедра меңгерушісінің қолымен расталған ғылыми, оқу-әдістемелік және шығармашылық жұмыстардың тізімі (бұдан әрі – № 2- қосымша);
3) кафедра меңгерушісі лауазымына орналасуға үміткер кандидаттар үшін сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;
4) соттылығы жоқ туралы анықтама;
5) Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының ақпараттық жүйелері арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама алуға келісім;
6) конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтындығы туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы;
7) конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтындығы туралы психоневрологиялық ұйымның анықтамасы;

8) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде бір жылдан ерте емес жасалған флюорография суреті;

9) барлық оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік құжаттама (оқытушының ағымдағы және алдағы оқу жылына арналған жеке оқу жоспарына сәйкес ПОӘК және силлабус).

20. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар), сондай-ақ жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы.

## 5. КАФЕДРА ОТЫРЫСЫНДА ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАРАСТЫРУ ЖӘНЕ АШЫҚ САБАҚҚА БАҒА БЕРУ

21. Профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы лауазымдарына орналасу конкурсына қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттары алдын ала қорытынды жасау үшін ректордың қолымен кафедраға жолданады.

22. Конкурстық материалдар ұсынымдық сипатта қорытынды шығаратын тиісті кафедраның отырысында алдын ала қаралады.

23. Кафедра қатысушылар ұсынған құжаттардың Ереженің 18 және 19-тармақтарының талаптарына, сондай-ақ тиісті лауазымға белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды (№1- қосымша).

24. Конкурсқа қатысатын және ғылыми-педагогикалық өтілі бар тұлғалар кафедра отырысында конкурс алдындағы соңғы 3 (үш) жылдағы ғылыми-педагогикалық қызметі туралы есеп береді. Кафедра отырысында конкурсқа қатысушы (Академия жұмыскері) ұсынған ғылыми-педагогикалық және шығармашылық қызмет туралы есеп (№2- қосымша) қаралады және Конкурсқа қатысушының алдыңғы жұмысына баға беріледі. Конкурсқа қатысушының ағымдағы және алдағы оқу жылына арналған оқу-әдістемелік құжаттамасының (оқытушының жеке жоспары бойынша сағаттардың орналасуына сәйкес ПОӘК және силлабус) барлық оқытылатын пәндер бойынша болуына ерекше назар аударылады.

25. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының штаттық лауазымдарына орналасу конкурсына қатысу үшін Академия жұмыскерлері болып табылмайтын тұлғалар құжаттар тапсырған жағдайда, кафедра үміткерлерге құжаттар тапсырғанға дейін ашық сабақ өткізуді (сынақ дәрістерін немесе оқу сабақтарының басқа да түрлерін оқуды), конкурсқа қатысушы ұсынған ғылыми-педагогикалық және шығармашылық қызмет туралы есепті қарауды ұсынуы керек (№2- қосымша), алдағы оқу жылына арналған барлық оқытылатын пәндер бойынша ұсынылған оқу-әдістемелік құжаттамамен (силлабус хабарландыруда көрсетілген пәндерге сәйкес), сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнының сипаттамасымен танысуы және қорытындысы бойынша үміткер өзі өтініш берген лауазым бойынша конкурстан өтуге ұсынылатындығы немесе ұсынылмайтындығы туалы шешім қабылдауы керек.

26. Конкурсқа қатысатын тұлғалар (Академия жұмыскерлері) конкурсқа құжаттарды қабылдау басталғанға дейін ағымдағы оқу жылы ішінде ашық

сабақ өткізуге (сынақ дәрістерін немесе оқу сабақтарының басқа да түрлерін оқуға) міндетті.

27. ПОҚ-тың ашық сабағын бағалау осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын № 3- қосымшада (бұдан әрі – № 3- қосымша) көрсетілген критерийлерге, сондай-ақ ашық сабақты өткізу сапасы туралы қорытынды нысанына сәйкес жүргізіледі.

28. Кафедра қорытындысы конкурсқа қатысушының қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы ақпаратты (№1-қосымшада белгіленген критерийлерге сәйкес), конкурсқа қатысушының ағылшын тілінде сабақ бере алуын (қажет болған жағдайда) қоса алғанда, ашық сабақ нәтижелері бойынша алынған бағалауды қамтиды.

29. Ашық сабақты бағалау және әрбір кандидат бойынша ұсынымдар кафедраның штаттық оқытушыларының отырысына қатысқан қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

30. Кафедра қорытындысы мен кафедра отырысының хаттамасына кафедра отырысын өткізген кафедра меңгерушісі, сондай-ақ хаттаманы жүргізетін хатшы қол қояды.

31. Қорытындыға қол қоятын тұлғалар қорытындының дұрыс ресімделуіне және қорытындыда конкурсқа қатысушы туралы мәліметтердің өзі ұсынған құжаттарға сәйкес дұрыс көрсетілуіне дербес жауапты болады.

32. Конкурсқа қатысушының материалдарында үміткердің біліктілік талаптарына сәйкестігін немесе сәйкес еместігін растайтын қандай да бір мәліметтер немесе құжаттар болмаған жағдайда қорытындыда тиісті белгілер қойылады.

33. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына кандидаттарды алдын ала іріктеу нәтижелері бойынша қорытынды жасалады. Онда кандидаттың белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестік дәрежесі, ашық сабақты бағалау (сынақ дәрістері немесе оқу сабақтарының басқа да түрлері), ағылшын тілін меңгеру деңгейі және т.б., үміткер өзі өтініш берген лауазым бойынша конкурстан өтуге ұсынылатындығы немесе ұсынылмайтындығы көрсетіледі.

34. Кафедралар отырыстарының хаттамалары конкурсқа қатысушылар бойынша оларға қоса берілген қорытындылармен, сондай-ақ карауға берілген құжаттармен бірге конкурстық комиссияның қарауына ұсынылады.

35. Конкурсқа қатысушылар кафедра отырысына қатысуға және олардың қалауы бойынша оның қорытындысымен танысуға құқылы.

36. Кафедра шешімінің қорытындылары бойынша үміткерлер тестілеу тапсыруға өтеді.

## 6. КАФЕДРА МЕҢГЕРУШІЛЕРІ ЛАУАЗЫМДАРЫНА ҮМІТКЕРЛЕРДІ АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУ

37. Кафедра меңгерушісі лауазымына орналасу бойынша конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттары Академия ректорының қолымен алдын ала қорытынды жасау үшін кафедраға және тиісті факультетке жіберіледі.

Мұндай жағдайда кафедра отырысына тиісті қорытындыға қол қоятын проректор төрағалық етеді.

38. Кафедра отырысында үміткермен оның кәсіби қызметінің әртүрлі аспектілеріне қатысты әңгімелесу жүргізіледі. Әңгімелесу барысында үміткердің оқу үдерісін ұйымдастыру мәселелерін (оның ішінде оқытудың кредиттік технологиясы бойынша), Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартын және басқа да білім беру саласына қатысты ҚР нормативтік құқықтық актілерін қаншалықты деңгейде білетіндігі анықталады.

39. Әңгімелесу барысында үміткер өзі өтінген кафедрада іске асырылатын білім беру бағдарламаларының бейіні бойынша оқу және оқу-әдістемелік басылымдардағы соңғы 3 жылда қолда бар жарияланымдары, оның біліктілігін арттыруы, ағылшын тілін білу деңгейі туралы ақпаратты ұсынады.

40. Үміткермен әңгімелесу барысында (егер ол бұрын оқу бөлімшесінің басшысы - кафедраның меңгерушісі болған жағдайда) комиссия үміткердің басшылық еткен мерзімінде бөлімше жұмысының қаншалықты нәтижелі болғандығын, атап айтқанда, бөлімше жұмысының нақтылығы мен шапшаңдығы және оның Академияның басқа да бөлімшелерімен өзара қарым-қатынасы, бөлімшеде дұрыс моральдық-психологиялық ахуалды қамтамасыз етуі, ПОӘК сапасын қамтамасыз ету және сабақ жүргізуі, білім алушылардың тәжірибесін ұйымдастыруы, түлектерді шығарушы кафедраның бітіруші түлектермен байланысы және т.б. деңгейінің қаншалықты екендігін анықтайды.

41. Үміткер 10-15 минуттық презентация өткізеді. Оның барысында ол оқу бөлімшесінің даму стратегиясына, бөлімшенің алдында тұрған міндеттер мен оларды шешу тетіктеріне нақты көзқарас ұсынуы керек. Сондай-ақ презентацияда үміткердің кәсіби қызметінің қорытындысы және кәсіби жетістіктері жайындағы шағын есебі, оқу бөлімше миссиясына және оның стратегиялық бағыттары мен оның даму келешегіне көзқарасы, стратегиялық бағыттар мен оның даму келешегі, енгізуді жоспарлаған жаңалықтары, оқу бөлімшесіне профессорлық-оқытушылық құрамды іріктеу мәселелері, ғылыми-зерттеу жұмысын дамыту, жұмысқа орналастыру, тәжірибеден өтуді ұйымдастыру және т.б. мәселелер бойынша шеткі ұйымдармен өзара қарым-қатынастары болуы тиіс.

42. Презентация 5 балдық бағалау шкаласы бойынша осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын № 4 -қосымшада көрсетілген өлшемдерге сәйкес бағаланады.

43. Үміткердің презентациясына қойылатын қорытынды баға оған қойылған барлық бағалардың орта арифметикалық маңызы ретінде анықталады және осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын № 4 -қосымшада (бұдан әрі – № 4 -қосымша) көрсетілген өлшемдерге сәйкес қойылады. Үміткерлердің презентацияларына баға беру және әрбір үміткерге берілетін ұсыныстар кафедра отырысына қатысып отырған штаттағы оқытушылардың ашық дауыс беруі арқылы қабылдануы мүмкін.

44. Кафедра меңгерушісі лауазымына үміткерлерді алдын ала іріктеу нәтижелері бойынша қорытынды жасалады. Қорытындыда үміткердің белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі, презентация бағасы, ағылшын

тілін меңгеру деңгейі және үміткердің өзі өтінім берген лауазымға ұсынылатындығы немесе ұсынылмайтындығы көрсетіледі.

45. Кафедра шешімінің қорытындысы бойынша үміткерлер тестілеу тапсырға өтеді.

46. Осы тарауда көзделмеген барлық өзге жағдайларда кафедра меңгерушілері лауазымына үміткерлерді алдын ала іріктеу жөніндегі кафедра отырысы осы Ереженың 5-тарауда көзделген тәртіппен өткізіледі.

## 7. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

47. Байқау келесі кезеңдерден тұрады:

1) Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының бос лауазымдарына орналастыруға кандидаттардың өтінімдерін қарау;

2) кандидаттарды тестілеу;

3) кандидаттармен әңгімелесу өткізу;

4) конкурстың қорытындысын шығару.

48. Тестілеу және әңгімелесу кандидаттың таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде жүргізіледі.

49. Кафедра меңгерушісі лауазымына үміткер кандидаттар үшін тест сұрақтарының саны 20, ал Академияның профессорлық-оқытушылық құрамы лауазымына үміткерлер үшін – 15 сұрақ.

50. Тест сұрақтарында бір дұрыс жауаптың кемінде үш нұсқасы болуы керек.

51. Тестілеу нәтижелері балдармен бағаланады және тестілеу өткізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей жарияланады.

52. Әрбір тест сұрағына дұрыс жауап бір ұпаймен бағаланады.

53. Тестілеу нәтижелерін оң деп тануға негіз болып табылатын дұрыс тест жауаптарының шекті деңгейі кафедра меңгерушісі лауазымына үміткер кандидаттар үшін – 80%, ал Академияның профессорлық-оқытушылық құрамы лауазымына үміткер кандидаттар үшін – тест сұрақтарының жалпы санынан 70% дұрыс тест жауаптарын құрайды.

54. Тестілеу кезеңінде шекті деңгейден өтпеген кандидаттар әңгімелесуге жіберілмейді және 3 жұмыс күні ішінде қайта тестілеуден өтуге жатады.

55. Егер кандидат тестілеу кезеңінде шекті деңгейден қайта өтпеген жағдайда, конкурстық комиссия академия ректорына қолданыстағы еңбек шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін осы конкурсантпен (Академия жұмыскерімен) еңбек шартын бұзуды ұсынуға, не конкурстық іріктеуден өтпеген деп санауға (Академия жұмыскерлері болып табылмайтын адамдар үшін) және соның салдарынан осы конкурсқа қатысушымен еңбек шартын жасаспауға құқылы.

56. Академия:

1) Конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды;

2) конкурсты өткізу күні мен орнын айқындайды;

3) конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тіркеуді және сақтауды жүргізеді;

4) комиссия отырысын ұйымдастырады.

57. Хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін қажетті құжаттарды берген тұлғалар конкурсқа қатысушылар болып табылады.

58. Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына орналасуға арналған конкурс үміткерлердің қызмет қорытындыларын талдамалық жинақтау негізінде тестілеу, әңгімелесу және т.б. нысанында өткізіледі. Бұл ретте кәсібилік деңгейін айқындау үшін әрбір лауазым бойынша біліктілік сипаттамаларына сәйкес білімі тексеріледі.

59. Әңгімелесудің мақсаты бос лауазымына конкурс жарияланған Академияның біліктілік сипаттамалары мен білім беру процесінің ерекшеліктерін ескере отырып, кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

60. Әрбір кандидатура бойынша конкурстық комиссия отырысында төраға шығарылған ұсынымдардың қысқаша негіздемесімен және мазмұндауымен кафедра қорытындысын, сондай-ақ әңгімелесу және кандидаттың презентациясын бағалау нәтижелерін жариялайды.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия мүшелерін конкурсқа қатысушының білімі, жұмыс өтілі және т.б. туралы ақпаратпен таныстырады.

61. Ұсынылған материалдар қаралып, ұсынымдар тыңдалғаннан және әңгімелесулер өткізілгеннен кейін конкурстық комиссия жай көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы кандидаттарды осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын № 5- қосымшаға (бұдан әрі – № 5 -қосымша) сәйкес лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге қосу туралы шешім қабылдайды.

62. Кандидатурамен келісу немесе келіспеу әр кандидаттың тегіне қарсы "келісемін" немесе "келіспеймін" деген сөздермен көрсетіледі. Бір лауазымға екі және одан да көп үміткердің конкурстық іріктеуге қатысқан жағдайда бірде-бір тегі сызылмаған бюллетень жарамсыз деп танылады.

63. Дауыстарды санау үшін конкурстық комиссия жасырын дауыс беру басталар алдында құрамында кемінде үш комиссия мүшесі бар конкурстық комиссия қатарынан есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы әрбір кандидатура бойынша дауыс беру нәтижелерін жариялайды. Есеп комиссиясының хаттамасы конкурс материалдарына қоса тіркеледі.

64. Егер дауыс беруге оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі катысса, конкурстық комиссияның конкурс өткізу кезіндегі шешімі жарамды болып табылады. Комиссия хатшылары дауыс беруге қатыспайды.

65. Кандидатқа комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда ол оң қорытынды алады. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

66. Егер бір бос лауазымға 2-ден астам кандидат үміткер болса және кандидаттардың ешқайсысы комиссия мүшелерінің қажетті дауыс санын жинамаған жағдайда, комиссия ең көп дауыс санын жинаған кандидаттар бойынша қайта дауыс береді.

67. Конкурстық жағдай болмаған жағдайда, атап айтқанда конкурсқа қатысуға берілген бір өтінім болғанда және конкурсқа қатысушы қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда конкурстық комиссия Академия ректорына осы конкурсантпен еңбек шартын жасасуды ұсынуға құқылы.

68. Конкурсқа қатысуға берілген өтінімдер болмаған немесе конкурсант қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда осы лауазымға арналған конкурс өткізілмеген болып есептеледі және жаңа оқу жылының басында қайтадан жарияланады.

69. Конкурстық комиссияның жасырын дауыс беру арқылы қабылданған шешімі, егер ол осы Ереженің талаптарын сақтай отырып қабылданса, түпкілікті болып табылады.

70. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсырған барлық тұлғалар бойынша ұсынымдарды қамтитын конкурстық комиссия отырысының хаттамасын конкурстық комиссияның хатшысы жасайды және оған конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Хаттамаға конкурстық комиссияның барлық мүшелерінің дауыс беру бюллетеньдері, есеп комиссиясының хаттамасы және комиссия отырысына қатысқан комиссия мүшелерінің қолдары қойылған комиссия отырысының келу парағы қоса беріледі.

71. Қол қойылған хаттама конкурсқа қатысушымен еңбек шартын жасасу немесе тоқтату туралы түпкілікті шешім қабылдау үшін Академия ректорына беріледі.

72. Конкурс нәтижелерімен және конкурстық комиссияның ұсынымдарымен комиссия хатшысы оған қатысқан адамдарды таныстырады.

73. Конкурс өткізілгеннен кейін конкурс комиссиясының хатшысы құжаттардың түпнұсқаларын (хаттама, келу парағы, бюллетеньдер және т.б.) сақтау үшін персоналды басқару бөліміне, сондай-ақ конкурс бойынша өткен жұмыскерлердің жеке істеріне қосу үшін конкурсқа әрбір қатысушы бойынша конкурс комиссиясының хаттамаларынан үзінді көшірмелерді тапсырады.

74. Еңбек шартын жасасу конкурстық комиссияның отырыстары аяқталған соң және Академия ректорының шешімінен кейін, бірақ жаңа оқу жылы (01 қыркүйек) басталғаннан кешіктірмей бір, екі немесе үш оқу жылы мерзіміне жүргізіледі.

75. Профессор ғылыми атағы бар қызметкерлермен мерзімсіз еңбек шарты жасалуы мүмкін.

76. Егер кандидат атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеген және келесі оқу жылында үміткер болған жағдайда, конкурстық комиссия конкурсқа қатысушыға таңдау құқығын беруге, не бір оқу жылы ішінде барлық қолдағы ескертулерді түзетуге және атқаратын лауазымына сәйкестігін растауға, не төмен тұрған лауазым бойынша 3 жыл мерзімге еңбек шартын жасасуға құқығы бар. Конкурсқа қатысушы жоғарыда көрсетілген нұсқалардан бас тартқан жағдайда Конкурстық комиссия академия ректорына осы конкурсқа қатысушымен еңбек шартын бұзуды ұсынуға құқылы.

77. Егер кандидат жоғары тұрған лауазымға үміткер болса, бірақ біліктілік талаптарына сәйкес келмесе, онда конкурстық комиссия конкурсқа қатысушыға

таңдау құқығын беруге, не атқаратын лауазымы бойынша еңбек шартын бір оқу жылына ұзартуға құқылы және оның барысында конкурсант барлық қолда бар ескертулерді түзетуге және атқаратын лауазымына сәйкестігін растауға, не қазіргі уақытта атқаратын сол лауазымы бойынша 3 жыл мерзімге еңбек шартын жасасуға құқылы.

78. Еңбек шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін оны ұзартуға болады, бірақ бір оқу жылынан аспайды.

## 8. ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ

79. Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар оларға қатысты бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссияның шешімдерімен таныса алады.

80. Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар конкурстық комиссияның шешіміне Академия ректорының атына Конкурстық комиссия шешім шығарған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей шағымдануға құқылы.

81. Академия ректоры конкурстық комиссияның шешіміне келіп түскен шағымды қарайды және осы Ереженің талаптары бұзылған жағдайда конкурстық комиссияға қабылданған шешімнің күшін жоюды ұсынады.

82. Академия ректорының ұсынысын Конкурстық комиссия оның отырысында жаңа құрамда қарайды. Осы отырыста конкурстық комиссия бұрын қабылданған шешімнің күшін жояды немесе оны өзгеріссіз қалдырады.

83. Конкурсқа қатысушылар, сондай-ақ Академия ректоры конкурстық құжаттармен және конкурс нәтижелерімен танысады.

## 9.ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

84. Академияда жұмыс істейтін, конкурсқа қатысу үшін өтініш бермеген немесе конкурс бойынша сайланбаған адамдар еңбек шартының мерзімі өткеннен кейін Академиядағы жұмысынан босатылады.

85. Кафедралар біріктірілген немесе бөлінген кезде осы лауазымға бұрын конкурстан өткен ПОҚ-да еңбек шартының мерзімі сақталады.

Кафедраларды біріктіру кезінде біріккен кафедра меңгерушісі лауазымына орналасуға конкурс өткізіледі. Егер біріккен кафедра меңгерушілерінің бірі конкурсқа қатысудан өз еркімен бас тартса, онда екінші кафедра меңгерушісі конкурстық рәсімдерден өтпей-ақ біріккен кафедраның меңгерушісі болады.

Кафедраларды бөлу кезінде бастапқы кафедраның меңгерушісі жаңадан құрылған кафедралардың бірінің меңгерушісі лауазымына ауыстырылады, ал екінші кафедраның меңгерушісі лауазымына факультет деканының ұсынысы және Академия ректорының бұйрығы негізінде тағайындауға рұқсат етіледі, содан кейін конкурс бойынша сайланады.

86. Егер оқу жылының басында кафедра меңгерушісі лауазымына конкурстық негізде бірде-бір кандидат сайланбаған жағдайда, факультет деканының ұсынысы және Академия ректорының бұйрығы негізінде кафедра меңгерушісін лауазымға тағайындауға, кейіннен конкурс бойынша сайлауға жол беріледі.

87. Егер оқу жылы ішінде кафедраның қазіргі меңгерушісі оқу демалысына шыққан жағдайда факультет деканының ұсынысы және Академия ректорының бұйрығы негізінде кафедра меңгерушісінің лауазымына уақытша орналасуына жол беріледі.

88. Конкурстық комиссияның мүшелері, комиссия хатшысы, конкурс өткізуге қатысатын Академияның өзге де жұмыскерлері, осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық ақпаратқа қатысты қатаң құпиялылықты сақтауға және бөгде адамдардың конкурс құжаттарына, кафедралардың қорытындыларына және басқа да конкурстық материалдарға толық қол жеткізбеуін қамтамасыз етуге міндетті.

89. Осы ереже, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі және олар бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

**Қызметкерлерді құжаттау және тіркеу қызметінің басшысы** **Г. Кайранова**

Келісілді:

Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Ш. Ергөбек

Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор К. Халыков

Оқу-әдістемелік қызметінің басшысы Д. Маткерим

Заң бөлімінің басшысы О. Тлегенова

Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы А. Молдабаева

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясы» РММ профессорлық-оқытушылық
құрамының лауазымдарға конкурстық орналасуы туралы ережесіне
№ 1-қосымша

# ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптар

1. 1. **Кафедра меңгерушісі** лауазымына конкурс бойынша сайлану үшін:
1.1. жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі /кафедра жұмысының ерекшелігі бойынша/білім бері бағдарламасы бойынша/, ғылыми дәрежесі және / немесе ғылыми атағы және / немесе Қазақстан Республикасының құрметті атағы және/немесе мемлекеттік наградасы болуы;

Ерекше жағдайларда кафедра меңгерушісі лауазымына тиісті ғылыми атағы және/немесе ғылыми дәрежесі және/немесе Қазақстан Республикасының құрметті атағы және/немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы жоқ, бірақ ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бойынша шарттарды міндетті түрде сақтай отырып, адамды тағайындауға жол беріледі.
1.2. ғылыми-педагогикалық қызметтің үздіксіз жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес;
1.3. соңғы бес жылда жарияланған оқу және оқу-әдістемелік басылымдардың не оның басшылығымен диссертация қорғаған және кафедрад және/ немесе кадрлар даярлау бағыты бойынша іске асырылатын ББ бейіні бойынша ғылыми дәрежесі бар 2 адамның болуы;
1.4. соңғы үш жылда жарияланған (құрылған) ғылыми жұмыстардың болуы;
1.5. білім беру менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттың (куәліктің) болуы;
1.6. патенттің/авторлық куәліктің болуы, ғылыми-шығармашылық жобаларға қатысуы құпталады.

2. **Профессор** лауазымына конкурс бойынша сайлану үшін:
2.1. Осы Ереже күшіне енгенге дейін осы лауазымға тағайындалған жұмыскерлерді қоспағанда, жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі /кафедра жұмысының ерекшелігі бойынша/ білім бері бағдарламасы бойынша/, профессор / қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы немесе профессор / қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми дәрежесі мен Қазақстан Республикасының құрметті атағы және / немесе мемлекеттік наградасы болуы немесе профессор/қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы болуы;

Ерекше жағдайларда кафедра профессоры лауазымына ғылыми дәрежесі немесе Қазақстан Республикасының құрметті атағы болған, бірақ қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы болмаған кезде ғылыми атақ алуға құжаттарды дайындау шартымен келесі 3 оқу жылынан аспайтын мерзім ішінде жұмыскер қауымдастырылған профессор ғылыми атағын алған

жағдайда профессор лауазымында қалады, ал қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алмаған жағдайда доцент лауазымына ауысады.

2.2. үздіксіз ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 10 жыл, оның ішінде доцент лауазымында кемінде 5 жыл болуы, профессор ғылыми атағы болған кезде осы тармақта көрсетілген ғылыми-педагогикалық жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.

2.3. Ғылыми кеңес ұсынған монографиялар (соңғы 5 (бес) жылда жарияланған, конкурсантқа кемінде 5 (бес) баспа парағы тиесілі), не Ғылыми кеңес/Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқылатын пәндер бойынша оқулық/оқу құралы (соңғы 5 (бес) жылда шығарылған, көлемі кемінде 6 (алты) баспа парағы, не оның басшылығымен диссертация қорғаған және кафедрад және/ немесе кадрлар даярлау бағыты бойынша іске асырылатын ББ бейіні бойынша ғылыми дәрежесі бар 2 адамның болуы;

2.4. сұратылып отырған мамандық бойынша соңғы үш жылда жарияланған (құрылған) кемінде 4 ғылыми жұмыс, оның ішінде алыс шетел басылымдарында, импакт-факторлы басылымдарда жарияланымдары (соңғы бес жылда), халықаралық конференциялар материалдарында жарияланымдары, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитет ұсынған басылымдарда кемінде 2 жарияланым және/немесе халықаралық және республикалық деңгейдегі ірі шығармашылық жобаларға басшылық жасау; жеке концерттер; оперлық және балеттік спектакльдердегі жетекші партия; Қазақстан Республикасында және шетелде ұсынылған халықаралық конкурсқа, көрмеге, фестивальге, олимпиадаға төраға, қазылар алқасының мүшесі, куратор ретінде қатысуы);

2.5. оқытылатын пәндер бейініне сәйкес соңғы үш жылда біліктілікті арттырудан өту;

2.6. патенттің/авторлық куәліктің болуы, ғылыми-шығармашылық жобаларға қатысуы құпталады.

3. **Доцент** лауазымына конкурс бойынша сайлану үшін:

3.1. Осы Ереже күшіне енгенге дейін осы лауазымға тағайындалған жұмыскерлерді қоспағанда, жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі /кафедра жұмысының ерекшелігі бойынша/ білім бері бағдарламасы бойынша/, ғылыми дәрежесі немесе қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы болуы;

3.2. Ерекше жағдайларда конкурс бойынша тиісті ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі жоқ, бірақ кафедра бейініне сәйкес мамандығы бойынша кемінде 10 жыл практикалық (шығармашылық) жұмыс тәжірибесі мол және осы мамандық бойынша танылған жетістіктері бар немесе кафедрада және/ немесе кадрларды даярлау бағыты бойынша іске асырылатын ББ бейіні бойынша өнер бағыттарын қалыптастыру мен дамытуды дамытуға елеулі үлес қосқан адамдарды қабылдауға / сайлауға жол беріледі. Танылған жетістіктер деп: Қазақстан Республикасының құрметті атағының және/немесе мемлекеттік наградасының, ведомстволық наградасының, Халықаралық фестивальдар, конкурстар

наградасының және т.б., оның ішінде оның басшылығымен дайындалған адамдардың (ұжымдардың) болуы танылады. Дайындалған тұлғалар (ұжымдар) ретінде республикалық, халықаралық (Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары құрған), шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдердің, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаттары, жүлдегерлері есептеледі. Академияның дамуына елеулі үлес ретінде: Академияның білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу, конкурсанттың жарияланымдық белсенділігі және т. б. танылады.

3.3. үздіксіз ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 7 жыл, оның ішінде аға оқытушы лауазымында кемінде 5 жыл, қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы болған кезде осы тармақта көрсетілген ғылыми-педагогикалық жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.

3.4. Ғылыми кеңес ұсынған монографиялар (соңғы 5 (бес) жылда басылған, конкурсантқа кемінде 4 (төрт) баспа парағы тиесілі); не бір оқу басылымы: Ғылыми кеңес/Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқылатын пәндер бойынша оқу немесе оқу-әдістемелік құрал (соңғы 5 (бес) жылда басылған, көлемі кемінде 4 (төрт) баспа парағы; немесе дәрістер курсы (кемінде 3 (үш) баспа парағы) немесе оқу-практикалық, оқу-анықтамалық, оқу-көрнекі басылым (кемінде 2 (екі) баспа парағы), не диссертацияны оның басшылығымен қорғаған және кафедрада және/ немесе кадрларды даярлау бағыты бойынша іске асырылатын ББ бейіні бойынша ғылыми дәрежесі бар адам болуы;

3.5. сұратылып отырған мамандық бойынша соңғы үш жылда жарияланған (құрылған) кемінде 3 ғылыми жұмыс, оның ішінде алыс шетел басылымдарында, импакт-факторлы басылымдарда жарияланымдары (соңғы бес жылда), халықаралық конференциялар материалдарында жарияланымдары, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитет ұсынған басылымдарда кемінде 1 жарияланым және/немесе шығармашылық жұмыстары (оның ішінде авторлық / дербес жобалар / көрмелер; халықаралық және республикалық деңгейдегі ірі шығармашылық жобаларға басшылық жасау; жеке концерттер; оперালық және балеттік спектакльдердегі жетекші партия, Қазақстан Республикасында және шетелде ұсынылған халықаралық конкурсқа, көрмеге, фестивальге, олимпиадаға төраға, қазылар алқасының мүшесі, куратор ретінде қатысуы);

3.6. оқытылатын пәндер бейініне сәйкес соңғы үш жылда біліктілікті арттырудан өту;

3.7. патенттің/авторлық куәліктің болуы, ғылыми-шығармашылық жобаларға қатысуы құпталады.

4. **Аға оқытушы** лауазымына конкурс бойынша сайлану үшін:

4.1. жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім /кафедра жұмысының ерекшелігі бойынша/ білім бері бағдарламасы бойынша/;

4.2. оқытушы лауазымында кемінде 3 жыл, дәріс оқуға үміткер тұлғалар үшін және кемінде 5 жыл, семинарлар өткізуді және/немесе ғылыми дәрежесінің

болуын практикалайтын тұлғалар үшін ғылыми-педагогикалық жұмыстың үздіксіз өтілі болуы;

4.3. бір оқу басылымы: курсты үйрену бойынша әдістемелік ұсынымдар немесе бақылау жұмыстарын орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар немесе кәсіптік практика бойынша әдістемелік ұсынымдар (кемінде 1 (бір) баспа парағы) соңғы 3 (үш) жылда, не оның басшылығымен дайындалған 1 адам (ұжым), не бір ұйымдастырылған дербес шығармашылық жоба (көрме, конкурс, концерт және т. б. академия деңгейінде). Дайындалған тұлға (ұжым) ретінде республикалық, халықаралық (Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары құрған), шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдердің, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаттары, жүлдегерлері есептеледі;

4.4. сұратылып отырған мамандық бойынша соңғы үш жылда жарияланған (құрылған) кемінде 3 ғылыми жұмыс, оның ішінде импакт-факторлы басылымдарда жарияланымдары (соңғы бес жылда), халықаралық конференциялар материалдарында жарияланымдары, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комитет ұсынған басылымдарда кемінде 1 жарияланым немесе алыс шет елдердің басылымдарында жарияланымдары және/немесе шығармашылық еңбектері (оның ішінде авторлық / дербес жобалар / көрмелер; халықаралық және республикалық деңгейдегі ірі шығармашылық жобаларға басшылық жасау; жеке концерттер; опералық және балеттік спектакльдердегі жетекші партия; Қазақстан Республикасында және шетелде ұсынылған халықаралық конкурсқа, көрмеге, фестивальге, олимпиадаға төраға, қазылар алқасының мүшесі, куратор ретінде қатысу);

4.5. оқытылатын пәндер бейініне сәйкес соңғы үш жылда біліктілікті арттырудан өту;

4.6. патенттің/авторлық куәліктің болуы, ғылыми-шығармашылық жобаларға қатысуы құпталады.

5. **Оқытушы** лауазымына конкурс бойынша сайлану үшін:

5.1. жоғары білім /кафедра жұмысының ерекшелігі бойынша/білім бері бағдарламасы бойынша/ кафедра бейініне сәйкес мамандығы бойынша кемінде 3 жыл өтілі және / немесе магистр академиялық дәрежесінің болуы.

5.2. барлық оқылатын пәндер бойынша силлабустар мен ПОӘК

5.3. сұратылып отырған мамандық бойынша соңғы үш жылда жарияланған (құрылған) кемінде 2 ғылыми жұмыс, оның ішінде алыс шетел басылымдарында жарияланымдары, халықаралық конференциялар материалдарында жарияланымдары және /немесе шығармашылық жұмыстардың болуы (оның ішінде авторлық/дербес жобалар / көрмелер; халықаралық және республикалық деңгейдегі ірі шығармашылық жобаларға басшылық жасау; жеке концерттер; опералық және балеттік спектакльдердегі жетекші партия; Қазақстан Республикасында және шетелде ұсынылған халықаралық конкурсқа, көрмеге, фестивальге, олимпиадаға төраға, қазылар мүшесі, куратор ретінде қатысу);

5.4. оқытылатын пәндер бейініне сәйкес соңғы үш жылда біліктілікті арттырудан өту.

**Ескертпелер:**

1.1. Конкурсанттың базалық білім (жоғары білім), ғылыми және академиялық дәреже, практикалық жұмыс өтілі білім бері бағдарламасына/ оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес келуі тиіс.

Ерекше жағдайларда базалық білімі оқытылатын пәннің бейініне сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдауға жол беріледі: осы адамдарда оқытылатын пәннің бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы болған кезде және / немесе осы салада ғылыми зерттеулер жүргізілгенін растайтын ғылыми жұмыстардың болуы және/немесе оқытылатын пәннің бейініне сәйкес келетін практикалық жұмыс тәжірибесінің, халықаралық деңгейдегі танылған жетістіктерінің болуы.

2. Ғылыми дәрежесі және/немесе ғылыми атағы және/немесе құрметті атағы (ҚР Мемлекеттік наградалары) бар, ағылшын тілін меңгерген, алыс шетел университеттерінде оқыту тәжірибесі бар, оқытудың кредиттік жүйесі бойынша жұмыс негіздерін меңгерген конкурсанттарға артықшылық беріледі.

3. Профессор және доцент лауазымдарына конкурс өткізу кезінде конкурсанттың ғылыми және шығармашылық жетістіктері, ғылыми кадрларды (докторлар, кандидаттар, PhD) даярлау тәжірибесі, білім беру мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық базаны, мемлекеттік білім беру стандарттарын (МЖМБС), оқытудың кредиттік технологиясын білуі; менеджмент және білім беру бағдарламаларына жетекшілік ету саласындағы жұмыс тәжірибесі; соңғы үш жылдағы оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыстардың болуы ескеріледі.

4. Газет мақалалары мен танымал сипаттағы басқа да жарияланымдар жарияланым ғылыми еңбектер мен оқу басылымдарына жатпайды.

5. Кандидаттың атқаратын лауазымына сәйкестік өлшемшарттарының бірі ретінде соңғы 3 жылдағы ПОҚ рейтингісінің балдары ескеріледі.

**Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарға орналасуы конкурсына қатысатын оқытушы-суретшінің жеке көрмесін толыққанды өткізгендігін растайтын қажетті құжаттары:**

1. А0 форматындағы плакаттар - 5 дана немесе А1 - 10 дана (3 тілде), олар қала бойынша ілінуі керек (стендтер – Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Панфилов және Каблуков көш, Абай ат ҚазҰПУ, О. Таңсықбаев ат АКДПИ, Алматы қаласы әкімдігінің Мәдениет департаменті және т.б. қоғамдық мәдениет және білім орындары);

2. Қағаз және электронды тасығыштардағы түрлі-түсті каталогтар, көрме қонақтарына арналған шақырулар;

3. Интернет газеттер мен журналдарда (БАҚ) және Академия сайтында жеке көрменің ашылуы туралы хабарландыру;

4. Кіріспе мақалалар, өнертанушылардың пресс-релиздері;

5. Көрме уақыты - 7 күннен 14 күнге дейін;

6. Телеарналар жаңалықтарында автордан, өнертанушыдан және көрмеге келушіден бірнеше сұхбат;

7. Көрмеден кейінгі есеп – СД дискідегі бейнеролик, ТВ, газеттегі және т.б. жаңалықтарға сілтеме, каталог, плакат және т.б. (есепте академияның көркемөнер мамандықтарының білім алушылары үшін өткізілген жеке көрменің мақсаттары, міндеттері, өзектілігі, жаңалығы мен нәтижелері, теориялық және қолданбалы мәні көрсетілуі тиіс). Барлық есептер Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА сайтында жариялануы керек.

**Ескертпе:** Суретшілердің екеуден аспайтын оқытушыларының – тек суретші мен мүсіншінің немесе оқытушының өз студенттерімен бірлескен көрмесіне ғана жол беріледі.

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясы» РММ профессорлық-оқытушылық
құрамының лауазымдарға конкурстық орналасуы туралы ережесіне
№ 2-қосымша

**Ғылыми-педагогикалық және шығармашылық қызмет туралы есеп**

**Т.А.Ә.:** ______________________________

**Лауазымы:** ______________________________

**Кафедра атауы:** ______________________________

**1. Оқу-әдістемелік жұмыс**

**Соңғы 5 оқу жылында шығарылған оқу-әдістемелік әдебиеттер тізімі**

| | | Жоспар бойынша | | Нақты орындалған | | | | | | Орындалмау себебі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| № | **Басылымның атауы** (басылым түрін және ISBN көрсете отырып) | Көлемі, баспа т. | Таралым, дана | Шығару мерзімдері. | Мамандықтар үшін | Шығару тілі. | Көлемі, баспа т | Таралым, дана | Қос авторы | |
| 1 | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** | | | | | | | | | |

**2.Ғылыми жұмыс**

**Соңғы 3 оқу жылындағы ғылыми еңбектерінің тізімі**

| № р/с | Ғылыми еңбектің атауы | **Баспа, журнал** (шығарылым нөмірі, жылы), Егер журналдың импакт-факторы бар болса немесе ҚР БҒМ БҒСБК ұсынса, | Бет көлемі | Тілі | Қос авторы |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | онда міндетті түрде көрсету керек | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| **Алыс шетел басылымдарында жарияланғандар** | | | | | |
| | | | | | |
| **Таяу шетел басылымдарында жарияланғандар** | | | | | |
| | | | | | |
| **Қазақстан Республикасының басылымдарында жарияланғандар** | | | | | |
| | | | | | |
| **Алыс шетелдердегі халықаралық конференциялар** | | | | | |
| | | | | | |
| **Таяу шетелдердегі халықаралық конференциялар** | | | | | |
| | | | | | |
| **ҚР-дағы халықаралық конференциялар** | | | | | |
| | | | | | |
| **Өнертабысқа арналған патенттер мен алдын ала патенттер** | | | | | |
| | | | | | |

## 3. Біліктілікті арттыру

### 3.1 соңғы 3 оқу жылындағы тағылымдамалар

| № | Тағылымдаманың тақырыбы, бағыты | Өту орны | Тағылымдамадан өту мерзімдері | |
|---|---|---|---|---|
| | | | басталуы | аяқталуы |
| | | | | |

### 3.2 Соңғы 5 оқу жылында біліктілікті арттыру курстарына (семинарларға) қатысу

| № | Курстардың (семинарлардың) атауы | Аяқтау туралы құжат (толық атауы) | Оқу орны мен кезеңі | Көлемі сағатпен оқу |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

**3.3 Соңғы оқу жылында тренингтер, шеберлік сыныптарын (ашық сабақтар, семинарлар және т. б.) өткізу**

| № | Іс- шараның атауы | Тақырыбы | Сағат саны | Тыңдаушылар санаты, қатысушылар | Өткізу күні |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

**4. Соңғы 3 оқу жылындағы комитеттер мен комиссиялардағы жұмыс**

**5.Соңғы 3 оқу жылындағы шығармашылық жұмыс**

_______________ _______________ _______________
(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

«_______________»
**Кафедрасының меңгерушісі**
_______________ _______________
(қолы) (Т.А.Ә.) ода

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясы» РММ профессорлық-оқытушылық
құрамының лауазымдарға конкурстық орналасуы туралы ережесіне
№ 3-қосымша

**«________________» кафедрасының оқытушысы**

_______________________________________

/Т.А.Ә./

**ашық сабағын бағалау**

1. Бағалау осы қосымшада белгіленген өлшемшарттардың әрқайсысы бойынша 5 балдық (0-ден 5 балға дейін) жүйе бойынша жүргізіледі.
2. Жалпы балл көрсетілген өлшемшарттар бойынша орташа бағаны шығару жолымен айқындалады.

| № р/с | Бағалау өлшемшарттары | Баға | Пікірлер |
|---|---|---|---|
| 1. | Айқындық, қол жетімділік және мазмұндау логикасы | | |
| 2. | Оқыту әдістемесі (интерактивтілік, оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану және т. б.) | | |
| 3. | Аудиториямен байланыс | | |
| 4. | Силлабус | | |
| 5. | Оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу (оқулықтар, оқу құралдары, хрестоматиялар және т. б.) | | |
| 6. | Шет тілін білу (IELTS, TOEFL және т. б.) | | |
| 7. | Жалпы балл (№№1-6 өлшемшарттар бойынша орташа баға) | | |

«________________________»
**кафедрасының меңгерушісі** қолы **/ Т.А.Ә./**

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясы» РММ профессорлық-оқытушылық
құрамының лауазымдарға конкурстық орналасуы туралы ережесіне
№ 4-қосымша

**Кафедра меңгерушісі лауазымына арналған**

____________________________________________
/Т.А.Ә./
**презентациясын бағалау**

1. Бағалау осы қосымшада белгіленген өлшемшарттардың әрқайсысы бойынша 5 балдық (0-ден 5 балға дейін) жүйе бойынша жүргізіледі.
2. Презентацияның жалпы баллы көрсетілген өлшемшарттар бойынша орташа бағаны шығару жолымен айқындалады.

| № р/с | **Бағалау өлшемшарттары** | **Баға** | **Пікірлер** |
|---|---|---|---|
| 1. | Кәсіби қызмет нәтижелері | | |
| 2. | Оқу бөлімшесінің стратегиялық бағыттары мен даму келешегіне көзқарасы, оларды шешудің міндеттері мен тетіктері | | |
| 3. | ПОҚ іріктеу | | |
| 4. | Бөлімше жұмысында енгізуге жоспарланған жаңалықтар | | |
| 5. | Ғылыми-зерттеу жұмысын дамыту | | |
| 6. | Жұмысқа орналастыру, практиканы, тағылымдамаларды ұйымдастыру мәселелері бойынша ұйымдармен өзара әрекеттесу | | |
| 7. | Тілдерді білуі (қазақ, орыс, ағылшын) | | |
| 8. | Аудиториямен байланыс | | |
| 9. | Айқындық, қол жетімділік және мазмұндау логикасы | | |
| | **Жалпы балл (№№1-9 өлшемшарттар бойынша орташа баға)** | | |

**ООӘЖ жөніндегі проректор** **қолы** **/Т.А.Ә./**

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясы» РММ профессорлық-оқытушылық
құрамының лауазымдарға конкурстық орналасуы туралы ережесіне
№ 5-қосымша

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясы» РММ
лауазымына конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс
беруге арналған бюллетень

Конкурстық комиссия

(ректордың 20___ жылғы"__" ________ №___ бұйрығымен бекітілді)

20___ жылғы "__" ________ отырыс. №___ хаттама
Лауазым ________________________________________________
Кафедра ________________________________________________
Факультет ______________________________________

Жарияланған бірліктер саны ________

| № | Үміткердің тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) | Дауыс беру нәтижелері | |
|---|---|---|---|
| 1 | | *Келісемін* | *Келіспеймін* |
| 2 | | *Келісемін* | *Келіспеймін* |

Ескертпе:

1) Аты-жөндері алфавиттік тәртіпке енгізіледі.

2) Үміткерді "Жақтап" дауыс беру нәтижелері "Келіспеймін" сөзін сызып тастаумен, ал "Қарсы" дауыс берген жағдайда – "Келісемін" сөзін сызып тастаумен білдіріледі.

3) Комиссия мүшесі "Келісемін","Келіспеймін" деп дауыс берген үміткер саны жарияланған бірлік санынан аспауы тиіс.

4) Аталған қағидаларды бұзу арқылы толтырылған бюллетень жарамсыз деп саналады.

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясы» РММ профессорлық-оқытушылық
құрамының лауазымдарға конкурстық орналасуы туралы ережесіне
№ 6-қосымша

**Академияның профессорлық-оқытушылық құрамы лауазымдарына орналасуға арналған конкурсқа қатысатын конкурсанттарға ұсынылатын оқу басылымдарының түрлері**

| Басылым | Бектілу | Көлемі | Лауазымы |
|---|---|---|---|
| Оқулық | РОӘК немесе академияның ОК | 6 б.п. | профессор |
| Оқу құралы | РОӘК немесе академияның ОК | 6 б.п. | профессор |
| Оқу-әдістемелік құралы | РОӘК немесе академияның ОК | 4 б.п. | доцент |
| Дәрістер курсы | РОӘК немесе академияның ОК | 3 б.п. | доцент |
| Практикалық сабақтарды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар | РОӘК немесе академияның ОК | 3 б.п. | доцент |
| Оқу-практикалық басылымдар: хрестоматиялар, практикумдар, жинақтар | РОӘК немесе академияның ОК | 2 б.п. | доцент |
| Оқу-анықтамалық басылымдар: анықтамалықтар, сөздіктер | Академияның ОК | 2 б.п. | доцент |
| Оқу-көрнекі басылымдар: альбомдар, атластар | Академияның ОК | 2 б.п. | доцент |
| Курсты оқу бойынша әдістемелік ұсыныстар | Академияның ОК | 1 б.п. | Аға оқытушы |
| Бақылау жұмыстарын орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар | Академияның ОК | 1 б.п. | Аға оқытушы |
| Кәсіби практика бойынша әдістемелік нұсқаулар | Академияның ОК | 1 б.п. | Аға оқытушы |